сындар, керек болса, еліңді шабам»,– деп қорқытады. Бір-біріне көнбей аяғында көпшілік тарап кетеді. Айдалада Құлагердің басын құшақтап зарлап, жылап, көзінен қанды жасы ағып Ақан сері отыр: *«Қош, енді қалдың кейін, Құлагерім! Тұрмадың жығылғаннан жылап едім. Жалғанда саяқ жүріп таяқ жедім, Көретін күнім шығар бұ да менің...»* [3].

Ақын Ақанды қаныпезерлікке, арамдыққа қаны қас, таза, ірі мінезді, кісілікті, әулие ретінде көрсетуге барын салған.

«Сюжет – өзара жалғасқан оқиғалар тізбегі, біртұтас желісі» [1;612] десек, ақын поэма сюжетін ширақ дамытып отырған. Кейіпкерлері де көп емес. Тартыс бір ғана мәселенің – Құлагердің төңірегінде өрбіп, сол арқылы қоғамдық-әлеуметтік өмірдің бар шындығы ашылады [5;136].

Құлагер – Ақан серінің сұлулық, әсемдік идеясы еді. Құлагерді өлтіру ақын, әншінің көркемдік мұратын өлтіру болатын. Поэмадағы әсемдікті, жарықты қара түнектің жұтуын бейнелеген ақын поэмасының оптимистік рухы қайғыдан туғанмен өр, мәңгі жасайтын, халық жүрегінен орын алған, қанды қол жендетке қарғыс таңбасын бастырған өрен тұлпарға ескерткіш орнатқан «Құлагер» әнінің туып, таралуында жатыр.

Қорыта келгенде, Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы қазақ поэзия-

сы жанрында өзіндік көркемдік айшықтары мол өзіндік із қалдырған туынды болды.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақ әдебиеті.Энциклопедия. Алматы., 1999.
2. Қаратаев М. Ілияс Жансүгіров. Алматы., 1961.
3. Жансүгіров І. Поэмалар. Алматы., 1983.
4. ЖансүгіровІ. Құлагер. Өлеңдер. Алматы., 1974.
5. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы., 1969.
6. Қаратаев М. Ілияс Жансүгіров. Алматы., 1961.
7. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Астана, 2002.
8. Әбдрахманов Т. Ақын сыры. Алматы., 1965.

Резюме

В данной статье рассматриваются художественные особенности поэмы И.Джансугурова «Кулагер». А также определена роль поэмы в казахской литературе, место поэта в данной литературе.

Conclusion

This article considers artistic peculiarities of zhansugurov's poem «Kulager». It defines also the role of the poet and his poem in kazakh literature.

Молдахметова Г. М., аға оқытушы

Тойымбетова Д.С., оқытушы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ПСИХОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әлемдік жаһандану үрдісінің ықпалымен еліміздің қоғамдық-тарихи, саяси-әлеуметтік жүйесін жүріп жатқан жаңару процестері өткен тарихымызды объективтік тұрғыда дұрыс бағалауға, сан ғасырлар бойы қалыптасып, ата-баба тарихынан бізге жеткен рухани қазыналарымызды бүгінгі күн талабына сай пайдалануға мүмкіндік тудырып отыр. «Егер біз мем-

лекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн», – деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев та атап көрсеткен [1]. Олай болса, қазақ халқының сан ғасырлық мәдени бай мұрасын, әсіресе психологияға байланысты асыл қазыналарын ғылыми-теориялық тұрғыда талдауға

алып, оны жете игеріп, халықтың **зердесіне, жанына, діліне** барынша сіндіріп, бүкіл адамзаттық құндылық тұрғысынан саралап, өрелі биіктен көрсетудің маңызы зор.

Қазақ тарихында халқымыздың рухани мәдениетіне өшпес із қалдырып, кейінгі ұрпақ бойына тағлымның дәнін егіп, тәлімнің нұрын құйған озық ойлы, ғұлама тұлғаларымыз аз болмаған. Аристотельден кейінгі әлемнің екінші ұстазы атанған, жантану білгірі, ұлы ойшыл Әбу Насыр әл Фараби терең психологиялық ой-тұжырымдарын ұлы Абай биік дәрежеде мәйегі мол, құнарлы тілмен ұрпаққа табыс етсе, Абай Құнанбаев ізін басып, оның тағлым-тұжырымдарын әрмен қарай жалғастырған Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбектері жалпы психологиялық тұрғыда ерекше назар аудартады.

Шәкәрімнің рухани мұрасын ой сүзгісінен өткізіп, қарайтын болсақ, оның адам жан сырының білгірі, сондай-ақ психологиялық ойлардың дамуына үлкен із қалдырып, Қазақстанда ғылыми психологияның қалыптасуына елеулі үлес қосқан ғұламалардың бірі екендігі байқалады. Өйткені, ақын шығармаларында “Жан сыры деп жазылған, психология деген пән” деген тіркесті қолдана отырып, психология пәнін бейнелейтін, “жан сыры”, “жан мен тән”, “сана”, “ақыл”, “ерік-жігер”, “қажеттілік”, “көңіл-күй” және “өзіндік тану” т.б. сан қырлы мәселелерге терең үңіліп, ғылыми психологиялық ой түйіндеп, өзінің ғылыми терминдерін ұсынады.

Алып ой иесі Шәкәрім шығармаларын оқи отырып, оның ойшыл философтардың Шығыс, Батыс елдері ғұламаларының идеяларын, философ Пифагордан бастап, Демокрит, Сократ, Аристотель, Декарт, Платон, Кант, Гете, Л.Толстой т.б. ілімдерін оқып-білгені, сондай-ақ сол кезеңдегі мектептер мен бағыттардың ой-пікірлерімен таныс болғаны ақын шығармаларының өн бойында жаңғырып отырады. Мәселен, ақын “Үш анық” трактатында “...өзінің тұтқан діні, оқыған-ұғынғаны, қалыптанған әдеті, құмар ісі бәлендей жақсы кісі айтты деп нанып қалған сөзіне біржола байланып қалмай, ақылын әбден шын босатып, айтқан сөз, қылған істері

һәм оларға қарсы айтқан сөздердің бәрін ноктасыз, науқассыз сау ақылмен сынау керек. Әйтпесе, адам әдет, құмар нанымынан шыға алмай, арқандаулы ат сияқты болады. Және өзінің мынау жөн дегенін халық алдына салғаны жөн. Неге десең, қайсысы болса да әбден сыналып, тазарған соң шын болмақ”, – деп өмірде, ғылымда, философияда барлық нәрсені ақыл сынына салып, күдікпен қарауды ұсынады [2]. Ойшылдың бұл пікірі француз философы Рене Декарттың тағлымымен үндеседі. Декарт “...анық білімге жету үшін барлық нәрсеге күдікпен қарау керек. Қоршаған дүние туралы барлық түсініктердің дұрыстығына күдікпен қарағанда ғана, біз өз санамызға ой жүгіртіп, ойлай аламыз, тіршілік ете аламыз дей келе, “Мен ойлаймын, сондықтан да өмір сүремін”, – деген әйгілі ұранын жасады.

Қазақ мәдениетінде ежелден келе жатқан идея – жанның мәңгілігі. әл Фараби мен Қожа Ахмет Иассауи, Абай, Жүсіпбек, Мағжан жалпы Шығыс ғұламаларының айтуынша, адамның дүниедегі тіршілік ету мағынасы жанның мәңгілігімен айқындалады. Осы тұрғыда Шәкәрім де дүниені мәңгілік деп танитын философтар қатарына жатады.

Шәкәрім: “...Жан тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын, тіпті барған сайын жоғарылайтын нәрсе. ...Жан менің айтқанымдай баста бар болса, тұрған денесі орын болуға жарамаған соң, денеден шыққанда біржола жоғалып кетпейді. Құр ғана өзгертін болса, бұрыннан бар жанның жоғалуына түк дәлел жоқ. Олай болса, бір түрге түсіп, барлықтың ішінде бар болып жүреді”, – деп ой түйеді [2]. Біз бұдан, ақынның «жан» – денедегі қозғаушы күш. Тән – жанның өмір сүрер орны. Жан материалды емес және тек денеден өмір сүреді. Тән бұзылып, бүлінуі мүмкін, ал жан өлмейді” – деген ой-қорытындысын көреміз.

Шәкәрім: дүниенің бәрі жанды, жан барлық тіршілік иелерінде, яғни, /“жансыз нәрсе жаратқан жоқ”/ өсімдіктер мен жануарларда да, адамдарда да бар деген панпсихистерге (француз материалистері) жақын пікір айтады /“Жел мен

су, тас топырақ, шөп пен ағаш... / Ғаламда не бар болса, бәрі жанды”/. Сонымен қатар, ақын өсімдіктер мен жануарлар түйсінулерінің даму деңгейі адамдардан төмен /“жанның әлдісі бар, әлсізі бар”/, оларға сезгіштік, жануарларға инстинктивті сана (соқыр сезім) тән. Толық терең ақыл адамнан шығады (“хайуандар ақылы аздау бізден төмен”)» – деп тұжырымдайды [4].

Ақын Пифагор, Эпикур, Демокрит, және т.б. сияқты тұрмыс-тіршілік жайындағы түрлі идеяларын қарастыра келіп, мынадай түйін жасайды: “...бұл фәниде барлық құбылыстар мен заттар өздігінен жасалмайды және өздігінен қозғалысқа түспейді. Мұның барлығының да негізінде себеп бар. Барлықтың түп себебі жаратушының білімі, құдірет шеберлігінде өлшеу жоқ. Барлықтың ешнәрсесі өздігінен бар бола алмайды да, қозғала алмайды. Ол бар болайыншы, қозғалайыншы дей алмайды. Бұған себеп керек. Егер ол себепке де бір себеп болмаса болмайды. Сол себепсіз бар болу себеп жаратушы болады... Мәселен, сила вещества (қуатты дене) ол екеуі бір-біріне мұқтаж, олай болған соң ондай нәрсе өздігінен бар болды деуге қисынбайды. Сондықтан да олардың түп себебі себепсіз бар себеп, түп жаратушы”, [2]. – деп жаратушы – құдайдың басты себеп екендігін мойындап, идеалистік тұрғыда тіршіліктің пайда болу себебін іздестіреді. Ғалымның бұл пікірінен біз психология ғылымының басты категорияларының бірі детерминизм (себептілік) принципін, яғни дүниедегі барлық құбылыстардың себепке байланыстылығын көре аламыз.

Сонымен қатар, Шәкәрім дүниенің үнемі қозғалыста, өзгерісте болатынын айтып, дамудың көзі – қозғалыс екендігін өлең жолдарымен былайша жеткізеді: /Жаралыс басы қозғалыс,/ /Қозғауға керек қолғабыс./ /Жан де мейлің, бір мән де./ /Сол қуатпен бол таныс./ /Өлемді сол мән жаратқан/. [3]. Табиғат құбылады, дүние өзгереді. Мұның бәрі қозғалыс. Құбылыстардың қай-қайсы да шексіз. Дамудың кілті болып табылатын қозғалыстың өзі де мәңгілік. Жануарлар да, өсімдіктер де уақытқа бағынышты. Себебі, даму қара-

пайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға өтеді дей келе, психология үшін тағы бір ерекше маңызды принциптердің бірі даму принципін алға тартады. Ақынның бұл ойларын келесі жыр жолдарынан байқауға болады: / Келді, кетті. Толды семді,/ /Өзгеленді бұл ғалам./ /Туды өлді, Жанды сөнді./ /Өршіп өнді қайтадан./ [3].

Тағы бірде:

/Шымды жерде көресіз қара топырақ./
/Шіріген шөп, тозаңнан болған құрақ./
/Егер оған дым тиіп, күн жылытса,/ /Жан кіріп, шөп шығады гүл-жапырақ./
/Өлген шөптің күлі еді тозған топырақ./
/Онан тағы не шықты, байқа, бірақ./
/Әлемде жоғалатын ешбір зат жоқ./
/Өзгертіп түрленеді, ойла шырақ.../ [4].

Ойшыл-ақын өз шығармаларында адам мәселесін қарастырады. Онда өсімдік пен жан жануарлардан Адамның айырмашылығын айта келіп, өсімдіктегі сезімдік жанның, “жылылықта өсіп-өніп суықты сезуге ғана” жарайтынын, жануарлардағы жан “аңғарып, ойлағанмен, бірінен-бірі есті шебер болғанмен, толық терең ақыл тек адамнан ғана шығады”, - деп, “терең ақылдың” жаратылыстың төменгі сатысындағы тіршілік иелерінің ешқайсысына емес, тек адамға ғана тән екендігін дәлелдейді [4].

Шәкәрім жанды теріске шығарушы психолог-материалистермен келіспейді /“жанның бастан барын байқамапты, психолог ғылымын шашқан адам”/. “Мен адамның таппаймын өнерлісін” дейтін өлеңінде ақын: “дүниенің неше қилы сырларын тән емес, жан ұғынады, жан тәнді жасайды, тән жанды жарата алмайды... Жан қожа, дене жанның құлы... жан өсіріп тұр тәннің баршасын, тән жан жаратты деме”, – деп психологияның күрделі проблемаларын қарапайым тілмен түсіндіре білді [4]. Бұл жерде ғалым ғылыми психологияның ұғым-түсініктері мен атауларын қолданады, Аристотель үлгісінде жанды түр-түрге жіктейді. Егер Аристотель қағидасы бойынша, жан өсімдік текті, жануар текті және парасат текті үш модификациядан көрінсе, Шәкәрім пікірінше де жан түр-түрге бөлінеді. Мәселен, “...“инстинкт” – сезімді жан, “сознание” – аңғарлық жан, “мысль” – ойлай-

тын жан, “ум” – ақылды жан дегендей әр түрлі қасиеттері болады. Бұлай әр түрлі болуы, менің ойымша, дене бітіміне, себептеріне қарай болады. Өсімдіктегі жандар сезімді ғана ... аңғару, ойлау, ерікті хайуанның бәрінде бар. Бірақ олардың бірінен-бірі шебер, оны теріп жазбасақ та, толық, терең ақыл Адамнан шығады”, – дейді. Бұл тұрғыда, ойшылдың “аңғару, ойлау ерікті хайуанның бәрінде бар”, – деуі қате пікір. Ол – ақыл, сана, ойлау еңбек пен тілдің нәтижесі екендігін ескермейді. Бірақ, “Адамның күйі сол хайуандардан есті болмаса да, толық терең ақыл адамнан шығады” деп толғайды.

Шәкәрімнің психологиялық ойларынан оның жаратылыстану біліміне қанық болғанын көреміз. Ақынның сол кездегі И.М.Сеченов, И.П.Павловтың жаңа ілімдерімен таныс болғандығын философиялық трактаттағы (“Үш анық”) мына жолдар растайды: “...сезімнің орта тұрағы, центрі мида, ол тоқтаса, бәрі де тоқтайды. Сол мидағы орта тұрақпен мұқым денелер арасындағы сезетін, қимылдата-тын тамыр-сіңірлерге тұтастыратын бір жалғастық (проболкі) бар” [2].

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларында бірқатар психологиялық мәселелерді, яғни танымдық процестердің механизмін, тұлға қажеттіліктері мен оның эмоциялық жағдайларының қазіргі ғылыми деңгейде түсіндірілетініне көз жеткізуге болады. Әсіресе, ойшыл-ақын танымдық процестердің табиғатын түсіндіруде XX ғасырдың басындағы физиология деректеріне ерекше көңіл бөледі: “... Адамның әр түрлі, әр істі істеуі сол мидың өзіне ғана біткен сезу, ескерулер ... адамның сезімім, өмірім деп жүргені сол миға біткен сезу, әсерленудің жаңаруы, әрбір жаңаны сезуі ғана. Өзге бөлек ешнәрсе емес”, – деп тұжырымдайды [2].

Шәкәрім сыртқы дүниені тануда сезім мүшелерінің (көз, құлақ, мұрын, тіл, сипай сезу т.б.) атқаратын рөлін ғылыми тұрғыдан бағалайды. Сезім мүшелерінің мимен және кісінің ойлау, сөйлеу, қиялдау процестерімен байланысты екендігін көрсетеді. /Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек, //Мұрын – иіс, тіл – дәмнен хабар бермек.// Бесеуінен мидағы ой хабар ал-

ып, //Жақсы, жаман әр істі сол тексермек / [4]. Немесе: /Ашылған көз тұра ма бір зат көрмей, //Миға хабар Бермей ме түсі өзгермей/ [3]. деген өлең жолдарынан білім бастауы сезім мүшелері екенін және сол сезім мүшелері (анализаторлар) арқылы сыртқы ортадан түскен хабарлардың мида талданатынын анық байқаймыз. Бес сезім мүшесі миға хабар береді, ми қызметі адамның сезім мүшелерінің әрекеті арқылы іске асады, ми есту, көру, сипай сезу, дәм сезу арқылы түскен хабарларды талдап, ойлау арқылы жақсы мен жаманды, әділетсіздік пен ізгілікті таразылайды. Бірақ, ақын сезім мүшелері әрқашан дұрыс бейне бермейді, сезімдік түйсінулер қате болуы да мүмкін. Сондықтан да дүниені ақылмен өлшеп, сынау қажет. Бұл үшін алла тағала адамға ми берді, білу, нану, ұғыну, тану – бәрі ақыл ісі, олар мидан шығады. Адамға сыртқы дүниенің, қоршаған табиғаттың жұмбақ сырларын ұғыну үшін берілген, барлық қоршаған дүниелер сезімге әсер етіп, бізді құштарландырады, ойға салады деп тұжырымдайды [4]. Ш. Құдайбердіұлы сезім танымына тереңірек үңілмеді. Ол сезімге өз биігінде дұрыс баға Бермеді. Тек оның кейбір олақ жақтарын жоққа шығарып, таза ақыл-ойдың дамуына баса назар аударды. Ол адамның бес мүшесі қаламаған ойларды жалғанға шығаратындарға қарсы тұрды. «Бес мүшеге сену арқылы біз ақылды байлап тастаймыз» деп, – ақыл-ойдағы немесе сезімдегі біржақтылық адамның ішкі дүниесінің тұтастығын жояды, ал “толық” және “жоғары ақыл” – сезім, қайрат, ұждан бірлігінен туады», – деп санады.

Ақынның шығармаларында психикалық процестер жайында да сындарлы пікір айтқанын жоғарыда атап көрсеттік. Солардың бірі қиял жайында ақын былай дейді: “Барлық ғылымның өзі қиялдан, ойлаудан туған. Адам дүниеде, бұл табиғатта жоқ нәрсені ойлауының өзі мүмкін емес, болуға мүмкін істі ғана ойлай алады, бір. Екінші, сол қиял болмайтын нәрсе деп отырғанымыз ұлғайтылып, өзгертіліп, ауыстырылып айтылған болашақ болуы мүмкін. Неге десеңіз бұрын Фантазия, қиял деп жүрген ойлар мүмкін дағ-

дылы іске айналады. Меніңше, айтқалы отырған ойым болмайтын қиял емес, болуға мүмкін” [4]. Сонымен қатар, “Мисыз құлақ тыңдаса, Мылжындаған бұл бір жыр. Ақылға салып шыңдаса, Ашылды, міне, анық сыр”, – деген өлең жолдарында да адам зейіні жайында ой қозғайды. Қандай да нәрсені жөн деп “ноқтасыз қабылдай Бермей, науқассыз сау ақылмен сынап, ой таразысына салып, не нәрсеге де зейінділікпен, байыптылықпен қарау керектігін айтады.

Шәкәрім шығармаларында психологиялық ұғымдар “жеке ерекшеліктер”, адам “сезімі” мен “санасы”, “қажеттіліктері”, “эмоциясы” мен “ерік-жігері” туралы айтқан ойлары ғылыми тұрғыда ерекше көңіл аудартады. Ол әрбір жан (яғни тұлға) өзгелерден өз ерекшеліктерімен, өз қасиеттерімен (түйсіну, ойлау, ерік т.б.) ерекшеленеді, адамның жеке-дара ерекшеліктері адам организмінің табиғатына байланысты дей келе, әрбір адамда адамгершілік, ар, намыс болу керектігін (“Адам жақсы мінезді болмақ”) және сол мінез сапасы мотив сапасына байланысты екендігін айтады. Сондай-ақ, ақын: “адамда екі түрлі қажеттіліктер бар. Олар: дене және жан (рухани) қажеттері. Үнемі өзінің қамын ойлау, өзімшілдік, мақтан көксеу дене қажеттігі. Намысқорлық, адал еңбек ету – бұл жан қажеттілігі. Бастапқыны көксеген адам, зұлымдық қиянатпен болса да, мал, мансап, мақтан табуға құмар болады. Соңғыны көксеген Адамның адал еңбек, ақ ниеттен басқа іздейтіні жоқ, ол адам баласын ала көруді, қиянат қылуды тіптен ұнатпайды” [4], – деп тұжырымдайды

Енді, ақынның эмоция және ерік туралы ой-пікірлеріне зер салсақ, оның осы аталмыш мәселелер жайында айтқандары аса құндылығымен ерекшеленеді. Ол: “Жан қатты әсерленсе, денені қиыншылыққа түсіреді. Кейде қапиядағы қатты қуаныш, қорқыныш, қайғы адамды өлтіріп те жібереді” [2]. “Ашу жеңсе адамда ақыл қалмас, Ой ойланып, орынды іс қыла алмас. Болмай соған бойыңды тоқтатып ал, Ыза менен мастықтың түбі жалғас”, “Ашу келсе, тұрғызбас, артыңа мойын бұрғызбас, ...Ыза келсе бойыңды,

Ойлатпайды ойыңды”, “Ашуыңа билеткен ақылы түзу кісі емес”, “Тынымсыз қуаныш – жындының ісі” [4] – деген ойларында адамның эмоционалдық күйлерін ғылыми психологиялық тұрғыда көрсетеді. Сондай-ақ, ақын-психолог “Бойды ашуға, билетпе, Басынан жаман үйретпе. Адырайып, аптығып, Бір жерінді күйретпе” немесе “Өткен іске уайым жеп, емі жоқ қайғыға қалма” деген ойларында қатты ашу, ыза үстінде эмоцияға бой алдырып, денсаулығына зиян келтірме “буындырмай өзіңді”, өткенді келтіре алмайсың, “емі жоқ бос қайғы”, – деп ескертеді.

Ақынның бұл өлең жолдарынан адам бойын ашу кернеп, қысқа мерзімде бұрқ етіп басылатын аффективті күйін көреміз. Мұндай жан толқынысы кезінде адамның көңіл-күйі кенеттен өзгеріп, зор қарқынмен бұрқан-тарқан болып сыртқа тебеді. Мысалы, долдану, үрейі ұшу, қуаныш кернеу, қайғы-қасыретке душар болу. Адам мұндай күйге түскенде өзін-өзі билей алмайтын жағдайда болады. Сонымен қатар, сезім арқылы адамның ішкі мүшелерінің: қан айналым, тыныс алу, ас қорыту ішкі және сыртқы секреция бездерінің қызметі бұзылатындығы белгілі. Осыған орай, ойшыл-ақын да “ауыр қайғы терең ой, өкпеге зиян етеді”, – деп ғылыми пікір айтқан. Ақынның бұл пікірі ғалым Аствацатуровтың: “жүрек – қорқыныштан, бауыр – ашудан, асқазан – апатия, жабырқау, торығудан зақымданады” – деген тұжырымымен үйлеседі.

Шәкәрім сезімді ақыл талабына бағындыруды үйретеді. Ол адам ашу, ызаға берілсе де, өзін-өзі басқара білу үшін ақылға жүгіну керектігін айтады. Эмоцияға берілген адам өзін-өзі билей алмайды, аффект немесе мастық күйіне түскен адамның ішкі бақылауы әлсіз деп түйді. Сондай-ақ, ойшыл эмоция – миға түскен сыртқы және ішкі дүние туралы хабарларды өңдеу деп /“ыза керсе бойыңды, ойлатпайды ойыңды”/ [4] эмоциялық күйлердің еріктік басқаруға қиын бағынатынын түсінді.

Қорыта келгенде – Шәкәрім өз заманының үлкен ойшылдарының бірі болған. Ақын өлеңдері мен зерттеулеріндегі психологиялық тағылымы мол, татымды ой-

тұжырымдары терең зерттеп, талдап, таразылауды керек етеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Н.Ә.Назарбаев. Өзек жарды Ойлар. Алматы, 2003.
2. Ш.Құдайбердіұлы. Үш анық.. Алматы, 1991.
3. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М. Жармұхамедов., С.Дәуітов., А.Құдайбердиев. Алматы, 1988.
4. Әбдірасылова Г.З. Ш. Құдайбердіұлы философиясындағы адам мәселесі.. Алматы, 1998.

Резюме

В данной статье приведены основные психологические идеи Ш. Кудайбердиева. Дается сравнительная характеристика суц-

ности таких понятий как «душа», «сознание», «разум», «воля», «потребность», «эмоции», «личность» и т. д.

В статье указывается на сходство взглядов в вопросах психофизиологии взглядов И. П. Павлова, И. М. Сеченова и Ш. Кудайбердиева. Подчеркивается вклад Ш. Кудайбердиева в развитие психологической мысли в Казахстане.

Conclusion

The article concerns Shakarim Kudaiberdiev's basic psychological ideas. The comparative characteristics of such notions as "soul", "conscious", "mind", "will", "necessity", "personality", etc. are given. The article shows the same opinion of I.P.Pavlov, I.M.Sechenov and Sh. Kudaiberdiev in the questions of psychophysiology. It is mentioned about Sh. Kudaiberdiev's benefit into the development of psychological ideas.

Мұханбетжанова Ж.Ғ., магистрант

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ТАНЫМДЫҚ БАҒЫТТАҒЫ «ҰЛТ» КОНЦЕПТІСІ

Өлеңге өмір сырын ақтару барысында ақынның ат басын тірер мама ағашы өмір категориясының мәндік, мазмұндық сапасын айта алуы дер едік. Онсыз поэзия кемеліне жетпейді, жетімсіз тұстар көп болмақ. Өмір категориясы өлең – сөздің басты идеялы, заряды. Поэзияға тән мұң да, сыр да, азап пен тозақ та, қуаныш та, қайғы да, қысқа қайырып айтсақ жырланбақ нысанның баршасы өмір категориясына тәуелді. Онсыз өлең тумайды, болмайды да. Бағыну, тосу, күту, сыйыну, табыну, сол сықылды шошыну, жеріну мен қорыну – бәрі-бәрі өмірге кіріптар, өмірге тәуелді.

Қазақ ақындық қасиетті қастерлеген ел. Ақындық өнердің ұлтымыздың тағдырында ерекше орын алуының бір себебі осында жатса керек.

Ұлт – белгілі бір тілді иеленген, өзіндік салт-дәстүрі, психологиялық ерекшелігі бар қоғам. Бұл үлкен құрылымның жүйесі таным түсініктері арқылы өрбиді. Бүгінгі таңда таным тұрғысынан түсіну, қабылдау, еске түсіру, ойлау, әлеуметтік қарым-қатынас, шешім қабылдау әрекет-

тері мен үрдістерін қарау кең етек жайып келеді. Сонымен қатар, осының бәрінде танымдық әдіс адамның сол сәтке дейінгі алған мәліметтерінің толық ескерілуі, ол әрекеттердің тәуелділігі түрінде көрінеді.

Ал тіл, ақын тілі – адамның сөйлеу, қабылдау кезіндегі танымдық жүйесінің көрінісі. Яғни, танымдық көзқарас сөзді қолдану мәселесін басқа қырынан «көріп», жаңаша бағалауға мүмкіндік береді. Таным теориясы ұғымды сақтау, қолдану құбылыстарының адамның жалпы және әрбір сәттегі ойлау, сезіну қалыбымен, ауқымымен байланыстылығын негіздейді. Таным жеке адамның және ұлттық ойлаудың сипатын көрсетеді. Жеке адамның ойлау қабілеті, ой ісінің өнімділігі оның тілдік білігіне тәуелді болса, ұлттық ойлау ұлттық тіл негізінде жүзеге асып, соның мүмкіндігімен анықталады. Ұғымды түп тамырындағы мағынасымен түсініп, қолдану жеке адам емес, ұлттық ауқымда жүретін іс болғандықтан, оны ұлттық ойлау тұрғысында қарау жөн болады. Ұлттық ойлау – ұлт тарихының, тілінің, дүниеге көзқарасының (идеология)

және өмір сүріп отырған ортасының туындысы.

Мұхтар Шаханов: «Әр халық дүниелік болмысты тануда өз хал-қадырыңша ғаламды түйсініп, санасында оның ұғымдық бейнесін қалыптастырады және өз ана тіліне байлайды. Сан салалы семантикалық категориялар тұрғысында дүниенің тілдік бейнесін қалыптастырады. Дүниенің тілдік бейнесі әр тілде өзіндік ерекшеліктерге ие. Ол ерекшеліктер тілдің негізгі сөздік қорында, құрылысында, тілдік категорияларда және фразеологиясында ай-қындалады да, сол тілдің көркем әдебиетте, әдет-ғұрпты мәдениетте айшықталып, әлгі халықтың өзіндік бет бейнесін қалыптастырады» дейді.

*Ұлтымыздың әр мұңының басында,
Салт пен сана, тіл мен дәстүр қасында,
Арал зары шапқан кезде насырға,
Қорғаушы боп тағы да біз жүргенбіз
Мейірім қосып мейірімсіздеу гасырға
Сан гасырлық ұлтымыздың шайқасы
Сендейлерді тайраңдату үшін бе? –* деп «Жаңа қазақтар немесе рухани байлықсыз мемлекет құруға болады деп ойлайтын жас бизнесменге хат» атты өлеңінде М.Шаханов ұлттың сақталуы үшін термен қанның төгілгенін паш етеді. Және де бұл қайрат, ерік-жігер ұлт рухы үшін болғандығын айғақтап кетеді. Өлең жолдарынан байқағандай ұлт сөзімен матаса байланысқан «мұң», «шайқас» тіркесті сөздері «ұлт» ұғымын тереңдетіп, экспрессивті-эмоционалды күш беруде. Абстрактілі ұғымға қимыл бере отырып, жанды суреттеу – үлкен танымдық шеберлік. Ұғым – концепт. Концепт – қабылданған танымдық құбылыстарды танытатын негізгі белгілер. Қоршаған ортадан қабылданған танымдық құбылыстар адам дүниесінің мәдениетін құрайды, яғни «концепт» – адам санасында орныққан ұғым. Осы концептілер түрлі тілдік поэтикалық құралдар арқылы берілсе де, негізгі ақиқат ұғымынан ажырамайды.

Адамзат танымының ұлттық болмысына тікелей әсер ететін дүние – этнотанымдық құндылықтар.

Бастапқы кезде тіл мен халық ұғымдарының сабақтастығы туралы мәселе халықтық рух, идея, мәдениет проблемаларынан бастау алса, қазірде оның аясы

әлдеқайда ауқымды деп есептеледі. Тіл мен халық ұғымдарының арақатынасын танымдық ұстанымдармен байланыстырған академик Ә.Қайдар «тіл әлемінің» құдіретін алдымен «сол тілді жаратушы, сол тілде сөйлеуші халықтың» тыныс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен, салт-санасымен сабақтастыра дәйектейді. Ғалым «Этнос тілінде тек оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасы мен қоғамдағы қарым-қатынастары туралы да, жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы мен сүйінуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі, ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы, барлық құбылысты өзінше бағалап-бағамдауы – бәрі-бәрі, біле білсек, өз тілінде өрнегін тауып, өзіне-өзін көрсететін айна іспеттес» [1;11] деген қағиданы ұстана отырып, «этнос болмысы» мен «тіл әлемін» керемет үйлесімділікпен ұштастыра зерделеді. Осы жердегі «этнос болмысы» ұғымының таңдалу себебін зерттеуші екі түрлі принципке сүйене түсіндіреді: 1.«...біз этностың жеке мәселелерін емес, оның тұтас бейнесін, барша болмысын анықтағымыз келеді; 2.этнос туралы толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады. Этностың шынайы болмысын басқа ғылымдар дәл этнолингвистикадай айқындай алмайды». Демек, халық тарихын да, ұлттық мәдениеттің дамуын да, тіпті халықтық ойлаудың қалыптасуын да біз тіл арқылы анықтай аламыз. Тіл арқылы сөздің астарлы ұғымын зерделей аламыз.

С.И. Ожегов өз түсіндірме сөздігінде «Нация – исторически сложившаяся устойчивая общность людей, возникшая на базе общности языка, территории, экономической жизни и психического склада, проявляющегося в общности культуры» [2;320] деп ұлт сөзіне анықтама береді. Мәдениет ұғымының аясында ұлттың өмір сүру ерекшелігі, қалыптасу, даму әрекеті сұрыпталады. Мәдениет дегеніміз – адамзат өмірін ұйымдастырып, дамытатын арнайы тәсілдер жиынтығы; қоғамның дамуын сипаттайтын тарихи деңгей; белгілі бір адам әрекетінің қалыптасу негіздері; ұлттар мен этностардың тарихи дәуірлеуінің сипаттамасы; қоғамдық, этикалық нормалардың даму деңгейі деп анықталды.

Ұлттық бағыттың мақсаты – рухани құндылықтар негізінде азаматтылыққа тәрбиелей отырып, өзінің және басқа елдердің дәстүрін, тілін, мәдениетін, дінін құрметтеуге, ұлттық келісімге баулу. Ол құрамдас бөліктерден тұрады: ұлттық сана, патриотизм, ұлтжандылық, салт-дәстүр, әдет-ғұрып және т.б.

Дүниежүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фараби тәрбие туралы былай деген:

«Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі».

Қазақ халқының ұлттық бейнесінің көрінісі нақты мысалдар арқылы ұлт жанынашыры М.Шаханов поэзиясында былай деп берілген:

*Алғаш рет сен қозғалдың ұлт намысы дегенде,
Халқымыздың ұлы рухын алып ұштың көп елге*

*«Біз, қазақтың ақыны, біргеміз»
Дарын едің алдына жан салмаған,
Ұлт сезімін арқалаудан талмаған.
Отырардың еңкеймеген рухын
Әр қазаққа ән арқылы жалғаған.*

*Кеш болса да жадырап ақ, еркелеп ақ еліңе
Ұлтымыздың ұлы өзені, Қалдаяқов өзені
«Қалдаяқов өзені»*

*Міне содан, ұлтымызды рухсыздан күзетіп,
Сенің жсырың шекарада әлі күнге сапта тұр.*

*Ұлт рухы қай кезде де қанаттыға астана,
Айбергенов шыңын көрсең, атыңнан түс,
жас бала!*

«Айбергенов шыңы»

*Ұлтымыздың қара күші, дара күші, армысың,
Біз аспаған биіктерден сенің даңқың қарғысын.*

*Сол бір салтың тірі тұрса, тұрар әр кез ұлт аман,
Елімнің бас бұлыық еті, құлагер төс, піл табан... «Қазақтың бас бұлыық еті»
(Қажымұқан қабірі басындағы ой)*

М.Шаханов поэзиясының ұлттық бейнесін ақын қаламынан туындаған кез келген өлеңінен кездестіруге болады.

Автор қай тақырыпқа қалам тербесе де өлең бойынан ұлттық болмыс, ұлттық мінез көрінеді. Ақын үлкен «ұлт» ұғымы арқылы дүниенің заңдылығын түсіндіргісі келеді. Мәселен, ақынның ойынша «ұлттық мінез» ұлттық бейнені сомдайды.

*Жағымпазын тау сынаған,
Шынышыл ұлын жау санаған ұлттың
Мүмкіндігі аз мазмұнды өмір сүрерге...
Мінезсіз ұлт айналмайды ұлы елге.*

«ТЖ-лар»

*Ұлт мүддесін шекпен етіп,
Төбең бір сәт көкке жетіп
Өз өлкеңе ескерткіш боп оралдың ба, айдарым!
«Оралу»
(Мойынқұмдағы Қайрат Рысқұлбековтің ескерткішін ашардағы сөз)*

*Бірақ мынау ұлтымызды жауырыны құрысқан,
Бірлік емес, байлық үшін жұлысқан,
Бас басына би болуға тырысқан,
Қалай, қайтіп біріктірер екенбіз,
Қалай, қайтіп кіріктірер екенбіз?
Рухсыз бен ұлтсыздың бағы жанған заманда
Басымды ием, дәл осы іске цемент тапқан адамға!*

«Цемент» (С.Сейтжановқа)

Өз ұлтыңның тілін, салтын, парқын сүю арқылы
Күллі әлемдік биікке өрлеп, ардақтайсың жалпыны.
«Тамырсыздану қаупінің тұжырымдамасы»

М.Шаханов «Өз ана тілінде сөйлемеу мен ойламаудың залалы және космополиттік ағым» атты рухани – проблемалық трактатында дүниенің тілдік бейнесі әр тілде әрқалай екендігін нақтылай түседі. Бұл дегеніңіз, ұлт өз мінезін қалай көрсетіп, қоршаған ортаға қалай таныта алса, әлемдік таным сол деңгейде қабылдайды. Ұлт рухы жоғары тұрып, сезімі күшейіп, қара күші артып, намысы алауласа – халық үшін ең құдіретті бақыт жоқ.

ӘДЕБИЕТ

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка. М., 1988.
3. Шаханов М. Эверестке шығу өлеңдер, поэмалар жинағы. Алматы, 2004.

Резюме

В данной статье говорится о богатом казахском языке, как главном инструменте в жизни и взаимопонимании народа.

Conclusion

In a given article it is said about rich kazakh language as the important tool in life and intercommunication of a nation.

Невгод И.Ю., магистрант

Костанайский государственный педагогический институт

**ФУНКЦИИ КЛЮЧЕВЫХ СЛОВ В СТРУКТУРЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА
(НА ПРИМЕРЕ РАССКАЗА Л.Н.АНДРЕЕВА «ЕЛЕАЗАР»)**

В каждом художественном тексте присутствуют так называемые маркированные автором слова. К данной категории относятся окказионализмы, авторские примечания / комментарии и ключевые понятия. Однако существуют также слова, маркирующие автора. При этом слово является «достаточно точным показателем особенности мироощущения писателя даже в том случае, если употребление им неосознанно» [1;40]. К данной группе относят ключевые слова, грамматические категории/формы и коннотации при отсутствующем слове.

Остановимся подробнее на ключевых словах. Существование их в структуре художественного текста было определено уже давно. Ш.Бодлер, цитируя Ш.О.Сент-Бёва, писал: «Чтобы разгадать душу поэта, чтобы узнать, что его волнует больше всего, поищем, какое слово (или слова) возникает в его произведениях чаще всего. Слово приводит к идее...» [1;41].

В научных исследованиях можно встретить разные обозначения синонимичные понятию «ключевое слово»: «смысловые вехи текста» (А.Соколов), «опорные элементы» (В.Одинцов), «смысловые ядра» (А.Лурия).

Н.А.Николина дает следующее определение понятия «ключевые слова»: «В художественном тексте как частной динамической системе языковых средств выделяют ключевые слова для выражения его смысла и соответственно для понимания знаки, которые играют особенно важную роль в установлении внутритекстовых семантических связей и организации читательского восприятия» [2;186].

Одним из наиболее важных признаков ключевого слова является частотность его употребления в тексте. Однако только этого признака будет недостаточно для того, чтобы назвать какое-то конкретное слово ключевым в структуре художественного текста. Н.А. Николина помимо высокой степени повторяемости слов в тексте выделяет еще два признака:

- 1) способность знака конденсировать, свертывать информацию, выраженную целым текстом, объединять его основное содержание; ключевые слова уподобляются «тексту-примитиву» – минимальной модели содержания того текста, ключом к которому они служат; этот признак особенно ярко проявляется у ключевых слов в позиции заглавия;
- 2) соотнесение двух содержательных уровней текста: собственно фактологического и концептуального и «получение в результате этого соотнесения нетривиального эстетического смысла данного текста» [2;187].

Н.А.Николина также выделяет следующие немаловажные признаки ключевых слов: многозначность, семантическая осложненность, реализация в тексте их парадигматических, синтагматических, словообразовательных связей.

Ключевые слова могут не иметь фиксированного положения в художественном тексте. Однако в большинстве случаев они концентрируются в начале текста.

Для текстов большого объема свойственно наличие группы ключевых слов.

В.А.Лукин отмечает, что «ключевых знаков в тексте не может быть менее

двух... Это объясняется тем, что значимость... знака определяется в семантическом пространстве данного конкретного текста, следовательно, в сравнении с другими его знаками, кроме того, поскольку структура текста есть множество связей между его ключевыми знаками, предположение о единственности такого знака заставляет говорить об отсутствии у текста структуры» [3;199].

Ключевые слова составляют семантическую доминанту текста. Они могут образовывать значимые для интерпретации текста сквозные оппозиции.

Ключевое слово следует отличать от ключевого понятия. Частота употребления ключевого понятия очень низка, и оно принадлежит не к сфере языка, а к концептосфере и употребляется автором обдуманно.

И.В.Фоменко отмечает, что «и ключевое слово, и ключевое понятие – лишь разные проявления одного и того же явления. Ключевое слово накапливает значения зримой частотностью и в результате становится ключевым понятием, а ключевое понятие в одних случаях накапливает значения имплицитно, а в других (заглавие) сразу же несет их в себе» [1; 43].

Ключевые слова и понятия интересно рассматривать на материале тех произведений, в которых определенный образ, мотив или тема повторяется на протяжении всего творческого пути автора. Одним из показательных произведений с этой точки зрения является рассказ Л.Андреева «Елеазар», в котором отчетливо прослеживается реализация важной для писателя темы – темы смерти.

М.Горький так оценил это произведение: «...Это, на мой взгляд, лучшее из всего, что было написано о смерти во всемирной литературе. Мне кажется даже, что ты как бы приблизился и приближаешь людей к неразрешимой загадке, не разрешая ее, но странно близко знакомя с нею. Ее чувствуешь – спокойную, темную, великую своим спокойствием – это удивительно и хорошо» [4;280].

В основу рассказа положен библейский сюжет о воскресении Лазаря. Но если в контексте Библии это событие

трактруется как чудо, Л.Андреев через этот сюжет стремится донести совсем иную идею. Отношение писателя к христианству всегда было неоднозначным. Рассказом «Елеазар» он, с одной стороны, пытается спорить со Святым Писанием и вольно его интерпретировать. Показательны изменения мелких, но четко прописанных в Библии деталей: так, в Библии Лазарь находился в состоянии смерти четыре дня, а у Л.Андреева – три дня; также автор изменяет имя главного героя. С другой стороны, Л.Андреев пытался стилизовать текст так, чтобы он воспринимался как часть Святого Писания. Для достижения такого эффекта писатель использовал приемы, присущие поэтике Библии. Достаточно часто можно встретить *инверсию* («...которые со временем сделали страшным самое имя его»; «друзья и близкие ласкали его непрестанно и в заботах о пище и питье и о новой одежде утоляли жадное внимание свое») [5], *амплификацию* («Три дня он был мертв: трижды всходило и заходило солнце, а он был мертв, дети играли, журчала по камням вода, горячая пыль вздымалась на проезжей дороге, а он был мертв»; «как прокаженного, избегали его все, и, как прокаженному, хотели надеть на тело ему колокольчик»). Также в тексте наблюдается использование библейской численной символики. Три дня и три ночи Елеазар был мертв, трижды кто-то задает ему вопрос о «непостижимом Там»; «семь дней ходил по людям чудесно воскресший».

Идея рассказа «Елеазар» раскрывается весьма неоднозначно, и помогают обнаружить эту неоднозначность ключевые слова произведения.

В тексте огромное количество слов с семой «смерть», и, конечно же, это определяет идейную целостность текста. Важно отметить, что каждое слово в контексте произведения обретает свой смысл, поэтому к семантическому полю «смерть» относится достаточно обширный ряд слов рассказа «Елеазар». При анализе текста мы отнесли сюда следующие лексические единицы: пустота, погребальный, мрак, бесконечный, ужасный,

могила (надмогильный), холод, скорбь, гроб, гниющий, безмолвный, молчание, тоска, тление, темнота, страх, труп (трупный) / мертвец (мертвый), зловещий, разрушительный, разложение.

Среди этих слов можно выделить те, которые являются контекстуальными синонимами слова «смерть». Это «бесконечное», «Там», «Тьма», «Пустота». С ними обычно используются эпитеты «великая», «ужасная», «чудовищная», «непостижимое», «загадочное», «таинственная». Знание о смерти несколько раз сравнивается с проклятым знанием.

Одним из главных ключевых слов является слово «смерть», повторяющееся в тексте 29 раз (сюда же включены однокоренные слова, представленные различными частями речи; о синонимах мы говорили выше, и они не включены в данный перечень, поскольку некоторые из них представляют самостоятельные ключевые слова).

Лексическая единица «смерть» как существительное представлено в тексте шестнадцать раз: «...находился он под загадочною властью *смерти*», «...то, что *смерть* уже успела сделать с лицом и телом Елеазара», «...по ту сторону – загадочная *смерть*» и т.д. Глагол «умирать» повторяется пять раз: «равнодушно и спокойно он начинал *умирать*, и *умирал* долгими годами, *умирал* на глазах у всех, *умирал* бесцветный, вялый и скучный»; «...те, которые не хотели говорить и молча *умирали*...». Прилагательные и причастия – восемь раз: «три дня он был *мертв*»; «...разбудить его *омертвевшую* душу»; «...неприятна была *мертвецкая* синева его рук».

Слово «пустота» является контекстуальным синонимом слова «смерть». В тексте оно также является ключевым. В этот же ряд включено слово «пустыня». Частота употребления – тридцать раз: «все предметы стали *пусты*, легки и прозрачны»; «...отданный во власть времени и *пустыни*»; «...та великая *пустота*, что объемлет мироздание»; «...в *пустоте* растилали свои корни деревья и сами были *пусты*»; «в *пустоте* двигался беспокойно человек, и сам был *пуст* и легок»;

«объятый *пустотою* и мраком, безнадежно трепетал человек перед ужасом бесконечного».

Ключевое слово «молчание» выступает в тексте в формах «безмолвие», «молчаливый», «замолчали», «умолкли». Молчание как таковое в тексте начинается со слова, которое внезапно обнажает истину: «Кто-то неосторожным одним дуновением брошенного слова – разрушил светлые чары и в безобразной наготы открыл истину». Именно «любопытство, которое сильнее страха и питается страхом, повергает в молчание всех вокруг»: «и все замолчали, пораженные вопросом», и «Елеазар молчал».

Л.Андреев целый абзац посвящает постепенному процессу исчезновения звуков, наделяя его особым, «страшным» психологизмом. Сначала «всем стало беспокойно, и уже с тоскою ожидали они слов Елеазара, а он молчал холодно и строго». Потом молчание дошло и до музыкантов: «и как вода заливал разбросанный уголь, так и оно погасило веселые звуки. Умолкла свирель; умолкли и звонкий Тимпан, и журчащие гусли; и точно струна оборвалась, точно сама песнь умерла... И стало тихо».

Тишина сопровождает Елеазара на протяжении всего рассказа. Елеазару не нужно слов для того, чтобы выпустить тайну вовне. Функцию его слова выполняет в произведении взгляд. Этой теме посвящена статья И.П.Карпова «Творчество Л.Н.Андреева: авторское семантическое поле зрения», где автор рассматривает реализацию синонимического ряда «глаз», «видеть», «смотреть» через количество употреблений и через позиции «глаза – метафоры», «глаза – субъект действия», «глаза – объект действия», «глаза – средство действия» [6; 7-13].

Ключевые слова, составляющие оппозицию словам, содержащим сему «смерть», являются слова «жизнь» и «солнце». Лексическая единица «жизнь» встречается в тексте двадцать четыре раза, «солнце» (в том числе связанные с ним «согреть», «осветить», «шар», «диск») – двадцать пять раз.

Оппозиция «жизнь – смерть», «там – здесь» идейно важны для Л. Андреева. Несколько раз в тексте звучит мысль о том, что жизнь и смерть не должны пересекаться, все загадки и тайны «непостижимого Там» не должны касаться живого. Воскресение же Елеазара – это нарушение естественного равновесия, он внушает людям тоску и отвращение к жизни, поэтому он «лишний здесь». С воскресением Елеазара возникает мост, которого быть не должно: «...ибо до сих пор было так, что смерть знал только мертвый, а живой знал только жизнь – и не было моста между ними. А этот, необыкновенный, знал смерть, и было загадочно и страшно проклятое знание его».

И теперь «не стало времени, и сблизилось начало каждой вещи с концом ее, и исчезла грань между ведением и неведением, между правдой и ложью, между верхом и низом...».

Авторская позиция позволяет обнаружить тот факт, что смерть непостижима, и эта непостижимость делает ее сильнее жизни. Смерть накладывает свой отпечаток на все прекрасное, что есть в жизни. Не в силах была красота искусства вернуть к жизни душу Елеазара. Смерть омрачила на всю жизнь даже чувства влюбленных: «...печальной и сумрачной стала их любовь...». Август практически поддался «грозному ужасу Бесконечного», но «он медленно вернулся к жизни, чтобы в страданиях и радости ее найти защиту против мрака пустоты и ужаса бесконечного». Однако ужас все же навсегда проник в его сознание.

Идея мимолетности жизни по отношению к «ужасу бесконечности» отчетливо проявила себя в одном из важнейших моментов рассказа, когда скульптор показал друзьям свое творение: «Это было нечто чудовищное, не имевшее в себе ни одной из знакомых глазу форм, но не лишенное намека на какой-то новый, неведомый образ. На тоненькой, кривой веточке, или уродливом подобии ее, криво и странно лежала слепая, безобразная, раскоряченная грудка чего-то ввернутого внутрь, чего-то вывернутого наружу, каких-то диких обрывков, бессильно стре-

мящихся уйти от самих себя. И случайно, под одним из дико кричащих выступов, заметили дивно изваянную бабочку, с прозрачными крылышками, точно трепетавшими от бессильного желания лететь». Этот момент является символическим соотношением «здесь» и «там», жизни и смерти. И не случайно один из близких друзей Аврелия двумя ударами разрушает «чудовищную грудку» и оставляет только «дивно изваянную бабочку». Человек таким образом уничтожает то, что не только мерзко глазу, но и непостижимо для сознания. Он предпочитает скрыть от себя неизвестное. Бабочка, символизирующая жизнь, выступает в тексте в роли ключевого понятия, которое употреблено автором вполне осознанно. Его функция заключается не только в противопоставлении смерти, как ужасному и непостижимому, но и в раскрытии мимолетности и трепета жизни перед ужасающей бесконечностью смерти.

В тексте рассказа «Елеазар» слова, содержащие семему «смерть» численно превосходят слова, входящие в группы «жизнь» и «солнце». Это является подтверждением концепции автора об экзистенциальном превосходстве смерти над жизнью.

Как мы видим, ключевые слова и понятия помогают выявить особенности авторской позиции в тексте, определить смысловые доминанты, влияющие на идейное своеобразие произведения. Посредством ключевых слов и понятий является и содержательно-концептуальная, и содержательно-подтекстовая информация.

ЛИТЕРАТУРА

1. Фоменко И.В. Практическая поэтика. М., 2006.
2. Николина Н.А. Филологический анализ текста. М., 2007.
3. Лукин В.А. Художественный текст: Основы лингвистической теории и элементы анализа. М., 1999.
4. Литературное наследство. Горький и Леонид Андреев. Неизданная переписка. Т 72. М., 1965.

5. Андреев Л.Н. Елеазар // Л.Н.Андреев. Собрание сочинений. В 6-ти т. Т. 2. Рассказы; Пьесы. 1904-1907. М., 1990.
6. Карпов И.П. Творчество Л.Н.Андреева: авторское семантическое поле зрения// И.П.Карпов. Автор в русской прозе (Чехов, Бунин, Андреев, Грин): Очерки типологии авторства. М., 1997.
7. Мень А. Библиологический словарь. В 7 т. Т 2.М., 2002.

Түйіндеме

«Көркем мәтін құрамындағы кілт сөздердің қызметі (Л.Н.Андреевтің «Елеазар» әңгімесі бойынша)» атты мақала мәтін құрамындағы кілт сөздердің негізгі қызметін

анықтауға арналған. Андреевтің әңгімесің талдау процессінде мәтінде берілген кілт сөздер қызметінің ерекшеліктері анық көрсетілді.

Conclusion

The article "Functions of key words in a structure of the text (on the example of the story of L.N.Andreyev "Eleazar")" is dedicated to the defining the main functions of key words in a structure of the text. In a process of the analysis of a story written by L.N.Andreyev the peculiarities of key words functioning in a text are disclosed, their roles in elaborating the position of the author are defined.

Полонянкина З.Г., старший преподаватель
Дюжина Т.Я., старший преподаватель

Ткаченко Н.М., студентка

Костанайский государственный педагогический институт

ВЛИЯНИЕ МУЗЫКИ НА ЗДОРОВЬЕ И СПОРТИВНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Сегодня, когда музыка стала неотъемлемой частью жизни любого человеческого сообщества, каждый профессиональный музыкант должен особенно хорошо почувствовать и понять свое высокое предназначение. Музыка окружает нас везде: каждый день мы слышим ее по телевизору, радио, а так же на различных мероприятиях, олимпиадах, спортивных состязаниях. Такое интенсивное использование музыки в современном обществе наблюдается неспроста. Музыка – это есть неиссякаемый источник жизни, энергии и движения. Пока мы движемся – мы живем. А это значит, что музыка может использоваться в спортивной деятельности человека как допинг, стимулирующий его физическую деятельность.

Уберите музыку с концертных и спортивных залов, дискотек, из церковных храмов, телепередач – общество лишится души, станет безжизненным производителем и потребителем материальных благ и знаний. В умирающем обществе, прежде всего, умирает искусство.

Цель данного исследования направлена на изучение влияния звуков на человека, на физиологию и психологию, а так же на его спортивную деятельность.

Выбранная тема обширна и содержательна, и для того чтобы осветить все интересные аспекты, были поставлены следующие задачи:

1. выявление особенностей и закономерностей; взаимодействия музыки и спорта;
2. выявление воздействия звука на человека;
3. выявление уровней физической культуры и культуры звукового восприятия современного общества.

Тема работы звучит поначалу как-то непривычно для нашего слуха, но стоит только призадуматься, и вот уже вырисовывается параллель еще пока неизвестных нам сюжетов. Мы живем в веке новых технологий, инноваций и открытий, поэтому эта тема имеет актуальный характер, ведь в ней раскрываются все новые и пока еще неизведанные факты для нашего общества.

Начиная с VII века до н.э., музыка все более и более прочно входит в обиход Олимпийских, Пифийских, Немейских, Истмийских игр и других массовых спортивных состязаний античного мира.

Наиболее впечатляющая картина массовой музыкальной стимуляции раз-

ворачивалась на главных спортивных состязаниях Античного мира – Олимпийских играх. С первого и до последнего дня Олимпиады на месте состязаний царил музыка. Открывались Олимпийские игры большой торжественной процессией с обязательными музыкальным сопровождением. Согласно традиционному олимпийскому ритуалу во главе процессии «шли глашатаи и трубачи».

Поэтические тексты, исполняемых на олимпийских играх песен, были актуально ориентированы социальной жизнью и имманентными особенностями спортивной деятельности. Содержание музыкальной стимуляции процесса самих состязаний на Олимпийских играх дифференцировалось в зависимости от вида спорта и возраста участников.

Пифагор, будучи победителем Олимпийских игр по борьбе и кулачному бою, еще и всячески способствовал широкому внедрению музыки в физическое воспитание на научно-теоретической основе. Популярный в наши дни термин «теория» впервые возник в недрах орфического культа, проповедуемого пифагорейцами.

Аристотель подробно описал музыкальные лады, ведущие к изменению психики в том или ином направлении. Музыка, звучащая в одних ладах, делает человека жалостливым и размягченным, звучание других ладов способствует раздражению или возбуждению. Так, Аристотель утверждал, что уравнивающее воздействие на психику человека оказывает дорийский лад – мужественный и возбуждающий, лидийский – как жалобный и размягчающий. Фригийский лад воспринимался им как неуравновешенный и возбуждающий, лидийский – как жалобный и размягчающий. Поэтому для спортивного возбуждения атлетов и длительного поддержания высокого уровня их работоспособности древнегреческие тренеры пользовались чаще всего музыкой во фригийском ладу. А для скорейшего восстановления сил после изнурительных тренировок или состязаний считали наиболее подходящими нежные,

расслабляющие мелодии в ионийском и лидийском ладах.

Способность к восприятию звука – одна из важнейших составляющих нашего полноценного общения с окружающим миром. Звуковые ощущения позволяют не только получать эстетическое наслаждение от прослушиваемой музыки, пения птиц, шороха листьев, но и массу полезной информации, необходимой нам повседневно.

Однако звуки и шумы таят и опасность для нашего слуха. Слишком большой уровень их интенсивности может привести к безвозвратной потере функции слухового анализатора. Наше ухо работает непрерывно в течении суток. Оно лишено естественных защитных приспособлений, таких, например, как веки у глаз.

Шум оказывает вредное влияние на зрительный и вестибулярный анализаторы, снижает устойчивость ясного видения рефлекторной деятельности. Шум способствует увеличению числа всевозможных заболеваний еще и потому, что он угнетающе действует на психику, способствует значительному расходованию нервной энергии, вызывает душевное недовольство и протест.

Врачи доказали, что допустимый уровень шума в жилых помещениях в дневное время не должен превышать 40дБ, в ночное 30дБ. Уровень шума в квартирах обитателей домов вдоль главных магистралей города составляет 60дБ. Разница между 60 и 40 дБ огромна: она означает превышение громкости и звукового давления в 10 раз.

Известный певец и ученый С. В. Шушарджан в итоге исследований влияния музыки на здоровье человека сделал заключение о том, что музыкальное воздействие может направленно влиять на определенный орган человека. Ученый утверждает, что бесконтрольное использование музыки средствами массовой информации и отдельными рок-группами может оказывать отрицательное влияние, особенно на молодых людей, вызывая агрессивность, повышенную возбудимость и потребность в разрушении.

